

Қарағанды облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 49/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 шілдеде № 3911 болып тіркелді

2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Зандарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 28/08 қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Әбдібеков

Қарағанды облысы әкімдігінің

2016 жылғы "07" шілдедегі

№ 49/01 қаулысымен

бекітілген

Қарағанды облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау қағидалары мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау қағидалары мен шарттары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

2. Осы қағидаларда келесідей ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыштар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер участеклері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі.

2. Сыныптау қағидалары мен шарттары

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары өздерінің маңызы бойынша халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар болып бөлінеді:

облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына республиканың әкімшілік орталықтарын облыс және аудан орталықтарымен, сондай-ақ аудан орталықтарын республикалық маңызы бар жолдармен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады.

4. Автомобиль жолдары геометриялық параметрлеріне, сондай-ақ жол жүрісінің жиілігіне қарай автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес жіктеледі.

5. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, елді мекендердің көшелері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуға жатады. Есепке алу деректері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша жарияланатын Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының карталары мен атластарын жасау үшін пайдаланылады.